**БЕКІТЕМІН**
«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу- әдістемелік орталығының»
КМҚК директоры
_________ Б.Х. Абдикерова
«20» 03 2023 жыл

**Жалпы білім беру ұйымдарының және мамандандырылған мектеп-интернаттарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында «Заманауи білім беруде Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық тағылымы» атты облыстық панорамалық сабақтар байқауының**
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**
1.1. «Заманауи білім беруде Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық тағылымы» атты облыстық **панорамалық сабақтар** байқауы (бұдан әрі - байқау) Қарағанды облысы білім басқармасының қолдауымен ҚО ББД ОӘО ұйымдастыруымен өткізіледі.

**2.Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**
2.1. Инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үрдісіне енгізуді нәтижелі жүзеге асырып, мемлекеттік тілде сабақ беріп жүрген жаңашыл педагогтердің идеясы негізінде әдістемелік шеберлікті дамыту, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру.
2.2**. Міндеттері:**
* Қанипа Бітібаеваның технологиялары негізінде әдістемелік тәжірибені анықтау, жинақтау және тәжірибеге енгізу.
* Оқу үрдісінде жаңашылдық пен шығармашылық бастаманы ынталандыру.
* Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдерді насихаттау.

**3. Байқаудың басты өлшемдері**
1. Мұғалімнің кәсіби өсуі, педагогикалық шеберлігін жетілдіруі, тәжірибе алмасуы.
2. Оқу-тәрбие үрдісінде Қ.Бітібаеваның педагогикалық технологияларын тиімді пайдалануы.

**4. Байқауды өткізу формасы және мерзімі:**
Байқаудың өткізілу мерзімі: 24.04.2024 ж.
Өткізу формасы: офлайн

**5. Байқауға қатысушылар:** қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдер (Т1, Т2).

**6.Байқаудың ұйымдастыру комитеті**

**6.1.** Байқауды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру мақсатындағы ұйымдастыру комитеті білікті мамандар мен тәжірибелі педагогтер.

**6.2.** Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдардың ғылымилық, логикалық және тәжірибелік маңыздылығын анықтауға арналған сараптамалық топ құрады, олардың жұмыс тәртібін анықтайды, байқауға ұсынылатын жұмыстарды бағалау критерийін бекітеді.

**6.3.** Сараптамалық топ байқауға ұсынылған жұмыстарға талдау жүргізіп, пікір жазады, іріктейді, байқауға қатысушыларды анықтайды.

**7. Байқау 2 кезең бойынша өткізіледі.**

**1-кезең:** қалалық, аудандық (наурыз – сәуір айы)

**2-кезең:** облыстық (ақтық кезең – 24 сәуір)

Қалалық, аудандық кезеңнен I орын алған жүлдегерлер облыстық кезеңге қатысады.

**Байқау шарттары:**

**Сырттай. (Іріктеу кезеңі)**

«**Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу».**

1. Қ.Бітібаеваның технологияларына құрылған қысқа мерзімді сабақ жоспарын ұсыну және сабақты (20-25 минуттық ықшам сабақ) Google Диск немесе Яндекс Диск интернет-сервисіне жүктеп, сілтемесін өтініште көрсету қажет. Бейнесабақ ашық, қолжетімді болу керек.
2. ***15-18 сәуір аралығында*** жіберілген жұмыстарға сараптама жүргізіледі.

**Қорғау кезеңі.**

1. I бағыт бойынша іріктеуден өткен педагогтер ең үздік сабақ жоспары бойынша ашық сабақ береді.

2. II бағыт бойынша іріктеуден өткен педагогтер панорамалық сабақтарын **«Q talks»** жобасы негізінде қорғайды.

**Ескерту:**

1 сабақ жоспары оқу бағдарламасына сәйкестендіріліп құрылуы керек.

**Панорамалық сабаққа қойылатын талаптар:**

- өз тәжірибесін теориялық тұрғыда негіздей білуі;
- жұмыс жүйесінің нәтижелілігін көрсете білуі;
- педагогикалық технологияларды пайдалану тиімділігі;
- ақпараттық құралдармен сүйемелдеу деңгейі.

**Жұмысты қорғау ұзақтығы 5-7 минут.** Осы уақыт ішінде автор өз тәжірибесін теориялық тұрғыда негіздеуі және сабақта көрсете білуі керек. Сабақ мазмұны сызбалар, қосымша және басқа дидактикалық материалдар, ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы көрсетілуі қажет.

**8. Байқауды өткізу шарттары мен мерзімі және қорытындысын шығару.**
8.1. Қысқа мерзімді сабақ жоспары және байқауға қатысуға өтінім **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық мекенжайына жіберулері керек.
8.2. Құжаттар пакеті ***2024 ж. 15 сәуірге дейін*** қабылданады.
8.3. Қатысуға өтінім жеке файлда (сканерлеусіз) толтырылады, білім беру ұйымдарының мөрі талап етілмейді.
8.4. Облыстық байқау жеңімпаздары I,II,III дәрежелі дипломдармен және Алғыс хаттармен марапатталады.

**Анықтама телефоны:** 44-56-30 – Байқауды ұйымдастыру комитеті.

***1-қосымша***

«Заманауи білім беруде Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық тағылымы» атты облыстық панорамалық сабақтар байқауына қатысуға

**ӨТІНІМ**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қатысушының аты-жөні (толық) | |
| 2 | Жұмыс орны (толық) | |
| 3 | Пәні | |
| 4 | Санаты | |
| 5 | Пед өтілі | |
| 6 | Байқауға қатысатын бағыты | |
| 7 | Ықшам сабақ сілтемесі | |
| 8 | Байланыс телефоны | |
| 9 | Электрондық мекенжайы | |

КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы»
КМҚК директордың орынбасары
_____________ Р.Казтаев